**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: «Аялайық гүлдерді»
Жоспардың құрылу кезені: 27.03.2025 ж.
Дәйексөз:«Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балаларғагүлдерді,олардыңтүрлеріментаныстыру. «Үйжәнедала гүлдерін көрсетіп»атауларын үйрету.<br>Қуанамын менде,<br>Қуанасың сенде,<br>Қуанайық достар<br>Келді қонақ бізге.<br>*Тілдік дамытушы орта:* тақырып бойынша бірлескен әрекеттер туралы келісуге үйрету.<br>Ал енді балалар мен сендерге бір шумақ өлең оқып беремін. Өлең нетуралыайтылғанын мұқияттыңдаңдар.<br>Гүлдер, гүлдеркөпгүлдер<br>Не дегенбұлшоқгүлдер,<br>Түрлітүскебоялған<br>Исіжұпараңқыған. -Кәне, балаларбірдыбысестіліпжатқансияқты, тыңдайықшы. Су сылдырап, құстарсайрап, бақтыңішіненгүлашылғансияқты. Бақтыңішінебарып, біздінкөктемдешығатыналғашқыгүлімізқандайгүлекен? Оныментанысайықшы.<br>«Гүлбейнесіндегіқыз» экраннан көрінеді.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* фонематикалық естуді дамыту жаттығулары<br>***«Естігенде шапалақта»* Мақсаты:** Дыбыстардың арасынан берілген дыбысты ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту қабілетін дамыту. **Ойын барысы:** Берілген дыбысты естігенде шапалақпен белгілеу. Мұғалім ең алды жеке дыбыстарды айтады, сосын буындардың арасынан берілген дыбысты белгілейді.Үйренгеннен кейін дыбыстарды сөздердің арасынан, сөзтіркестердің, сөйлемнің арасынан естіп шапалақпен білгілеу.<br>*Сөздік қор:* гүлдердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>-Ал балалар мен сендерді мына гүлдермен таныстырып өтейін, бұл гүлдер бөлме гүлдері деп аталады. Бұл гүлдер ауамызды тазартады, бізге әдемілік үшін керек.<br>*Дала гүлдері:* Қызғалдақ, бақ-бақ, бәйшешек, роза гүл.<br>-Бұл гүлдер аналарымызға сыйлау үшін керек , иіскеу үшін керек.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* тақырыпқа байланысты сөздерді айтқанда, сөйлем құрап айтқанда грамматикалық тұлғаларды дұрыс сақтап сөйлей білуге үйрету.<br>*«Гүлді түсіне қарай жинау» ойнау.*<br>Ойын шарты: менің үстімдегі алжапқыштың қалтасында мен қай түсті атасам жерде шашылып |

| | |
|---|---|
| | жатқан гүлдердің ішінен сол түсті тауып көрсетілген түске әкеліп саласыңдар , біз түстерді ажырата біледі екенбіз балалар.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* алдын-ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>Балалар бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметтінде не туралы өттік?<br>-Балалар «Гүлдер» туралы.<br>-Балаларқандайгүлдерұнады? (қызғалтақ, бәйшешек, бақбақгүл) неніңдауысынестіптұрсындар? (сылдырағансудың, құстың сайрағандауысыестіптұрмыз)<br>-Сендергеұнадыма? ( Ия)<br>Күтілетін нәтиже:Әңгімелесушінің сөзін бөлмей ,кезекпен сөйлейді. Өз ойын жай және жайылма сөйлеммен жеткізеді. Түрлі әрекеттерде өзінің әрекетін дәлелдейді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Ойынға салауатты көзқарас» танымдық шараға қатыстыру |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | «Ойлантап,қандай дыбыс»<br>Бұл ойынның мақсаты:Дыбыстарды дұрыс,анық айтуға жаттықтыру.<br>Мына суреттерге қара, олардың аттары қандай дыбыстан басталады?<br>«қоян,қасқыр,қолғап,қарға»т.с.с. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық журналына (әдістемелікматериалдарайдары) пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Ата-аналармен әңгімелесу. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: «Ас атасы-нан»
Жоспардың құрылу кезеңі: 03.04.2025 ж.
Дәйексөз:«Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді»

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балаларды нан, нан өнімдерінің атауларыментаныстыру,атауларды жаттату.<br>Сәлеметсіздерме, балалар!<br>v Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>v Жылдың неше мезгілі бар?<br>v Кәне атап шығайық.<br>v Далада ауа-райы қалай?<br>*Тілдік дамытушы орта:* айналасындағы өзін қоршаған орта, сыпай сөздерді үйрету, оларды өмірде қолдана білуге баулуда ауызекі сөйлесуге үйрету<br>Балалар көңіл күйлерің қалай?<br>v Олай болса көңілді болғанда не істейсіңдер?<br>v Ренжігенде?<br>v Қорыққанда?<br>v Таңқалғанда?<br>v Қуанғанда?<br>v Ендеше бір-бірімізге жылы лебізімізді білдірейік.<br>Күніміз жарқын болсын,<br>Аспанымыз ашық болсын.<br>Күніміз сәтті болсын,<br>Деніміз сау болсын.<br>Балалармынасуреттененікөріптұрмыз? Балаларкөктемдебұлтракторларжердіжыртып,оныпырмалап,жергемынадайбидайдәнінсебеді.(Балаларғабидайдыкөрсету)<br>· Екіншісуреттененікөріпотырсыңдар?<br>Егінді орыпжүргенкомбайн,олбидайдыорып,тазартып,көліккесалыпбереді.<br>· Үшіншісуреттененікөріпотырмыз.Диірменненбалаларұнтартыпшығарады.(Ұндыкөрсету)<br>· Төртіншісуреттененібайқапотырсыңдар?<br>Ұннаннаубайханадаәртүрліандарпісіріпшығарады,оныдүкендергебалабақшаларғажібереді.<br>(Дүкенсөресіндегінандардысуретаркылыкөрсету)<br><br>Міне балаларбіздінбүгінгііс-әрекетіміз ас атасынантуралы болмақ.Балаларбіздіңдастарханымызғананоңайкелмейдіекен,мінежоғарыдаайтқандайұл |

| | |
|---|---|
| | кенеңбекпенкеледі екен.(Жоғарыдағысуреттердіжекелепқайталаптүсіндіру)<br>· Алсендеркүнделіктіжепжүргеннандыбізқайданаламыз?<br>· Аспазшыапайсендергенандықалайпісіретіндігінкөргілеріңкеледіме?<br>(Аспазшыныңнанашыту,қалыпқасалу,пешкепісіруін видео арқылыкөрсету)<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* дауыс апаратын,сөйлеуде тыныс ала білуді дамыту.<br>*Сөздік қор:* «Бір үзім нан» ертегісінің мазмұнын дұрыс қабылдауға, өз ойын білдіруге баулу.<br>Ертегіні әңгімелеп түсіндіру.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.<br>Ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйреу.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, «Бір үзім нан» ертегісін әңгімелеу.<br>Күтілетін нәтиже: Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата алады. өзінің тәжірибесіне сүйене отырып әңгіме құрастырады. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Халықаралық балалар кітабы күні «Шын жүректен кітап сыйла» кітап асыл қазынамыз екенін айтып түсіндіру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | «Ойлантап,қандай дыбыс»<br>Бұл ойынның мақсаты: Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру.<br>Мына суреттерге қара, олардың аттары қандай дыбыстан басталады?<br>«қоян,қасқыр,қолғап,қарға» т.с.с. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Еңбегі адал жас өрен» еңбек туралы мақал-мәтел жаттату. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Ата-аналармен әңгімелесу. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»
Жоспардың құрылу кезеңі: 10.04.2025 ж.
Дәйексөз:«Еңбек –қуаныш,жалқаулық-айырылмас азап» Абай

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балаларды жәндіктердің атауларымен таныстыру. Сөздік қорларын молайту.<br>*Тілдік дамытушы орта:* Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі туралы ақпараттарды алуға бейімдеу. Бүгін біздер жәндіктермен танысамыз.<br>- Қандай жәндіктерді білесіңдер? (Слайд арқылы жәндіктерді көрсетеді.)<br>Ұшатын жәндіктер, ұшпайтын жәндіктер, бауырымен жорғалайтын жәндіктер, сулы жерде өмір сүретін жәндіктер, құрғақ жерде өмір сүретін жәндіктер шағатын жәндіктер, шақпайтын жәндіктер адамдарға пайдасын тигізетін жәндіктер болып бөлінеді.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* тыныс алу жаттығуларын жасауға үйрету.<br>«Өз тынысымызды тыңдайық»<br>*Сөздік қор:* ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.Ы. Алтынсарин «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесін айтуға баулу. Кітаппен жұмыс<br>Сергіту жаттығуы;<br>Қарлығаш боп ұшайық,<br>Торғай болып қонайық.<br>Өрмекші боп секіріп,<br>Орнымызға қонайық.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* Сөздерді жіктеп қолдана білуге үйрету.<br>Өрмекші-өнерлі, құмырсқа-еңбеккор, қарлығаш-қайырымды.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* Иллюстрациялар бойынша қайталауға және ойларын айтуға баулу<br>«Өрмекші,құмырсқа, қарлығаш» мультфильмін қарау. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Мамандықтар марафоны» тәрбиеленушілердің әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Үйренген төл дыбыстарды қайталатып, аысыстау. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Дана бала» республикалықғылыми- ақпараттықжурналына (әдістемелікматериалдарайдары)пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Ата-аналармен әңгімелесу. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: «Еңбек бәрін женбек»
Жоспардың құрылу кезеңі: 17.04.2025 ж.
Дәйексөз:«Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балаларды еңбекке баулу кезіндегі іс- қимылдарын айтабілугеүйрету. Сөздік қорларын байыту.<br>*Тілдік дамытушы орта:* Еңбек туралы ақпараттарды алуға мүмкіндік беру.<br>Жаңа тақырып үйренеміз.<br>Қ.Мырза Әлі «Балға» тыңдату.<br>Дәптердегі суреттерге қарап, тақырыпқа байланысты сөздерді үйрету, сурет бойынша әңгімелесу.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуге дамыту<br>-ға-ға-ға-менде бар балға.<br>-ла-ла-ла-мен еңбек сүйгіш бала<br>*Сөздік қор:*Еңбек туралы сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Еңбек туралы тақпақ жатату.<br>«Біз еңбек сүйгіш баламыз»<br>Қолға сыпырғыш аламыз,<br>Ауланы тазартып, сыпырамыз,<br>Аулашы ағайдың,<br>Көмекшісі боламыз.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*үлгі бойынша жай және жайылма сөйлемдер сұрай білуге үйрету.<br>Жаттығу: «Жауап бер» суретте не бар?»<br>-Суретте не бар?<br>-Балға мен ара не үшін керек?<br>-Тырауыш не үшін керек?<br>*Байланыстырып сөйлеу:*бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға баулу.<br>Логикалық ойын: «Кімге не керек?» |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Сюжеттік рөлдік ойындар ойнау арқылы балаларға мамандық туралы ақпаратты бекіту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | **Кім тез табады?»**<br>Бұл ойынның мақсаты: Естіген сөзде қазақ тілі дыбыстары бар жоғын ажырату (ә, і, ү, ұ, қ, ғ, ә, ).<br>Мен дыбыстарды айтып тұрамын, егер сөзде қазақ тіліне тән дыбыстар естілсе, алақаныңды соқ:<br>О-Ұ-Ү-Ө-Ү-У-О-Ұ |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілікоқу бағдарламасына нұсқаулық»** пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кітаптарға шолу жасау |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: Достық біздің тірегіміз»
Жоспардың құрылу кезеңі: 24.04.2025 ж.
Дәйексөз:«Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Отанымыздың көп ұлттылығын, ұлттар достығы туралы әңгімелеу.<br>Достықтың ұлы мейрамы<br>Тоғысар сенде жандардың ізгі ойлары<br>Татулық, бірлік, ынтымақ<br>Өзіңді сәнмен қошемет етіп тойлайды!<br>*Тілдік дамытушы орта:* сөйлесу барысында әңгімелесушініңназарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға үйрету.<br>Жер ана бәрімізге ортақ Қазақстан мемлекеті көп ұлтты. Осынау кең қазақ даласында көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті, ынтымақта, бауырластықта өмір кешуде. Біз олармен татумыз, доспыз және бір – бірімізбен қоян-қолтық аралас өмір сүрудеміз.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* тақырыптық сөздер мен таныс сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру төл дыбыстардың дұрыс айтылуын қадағалау.<br>«Поезд» ойыны<br>Мақсаты: Сөздерді буынға бөліп оқу барысында, қазақ тілінде екпін соңғы дауыстыға түсетінін ұғындыру, дағдыландыру<br>А – ТА Ә – ЖЕ БА – ЛА<br>*Сөздік қор:* достық туралы өлең жаттауға баулу<br>Ынтымағыжарасқанберекекүн<br>Білдіредіболашақ ел ертеңін<br>Татулық пен достығың арта берсін<br>Құттыболсынбүгінгімерекекүн<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* Өзойынжай жеткізуге мүмкіндік беру.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* достық туралы 4-5сөйлеммменсипаттауға баулу.<br>Иә, біз қазақ елі көңіліміз көл дариядай кең халықпыз, осыншама халықты шеттетпей, достық қарым – қатынаста, татулықта тұрып жатырмыз.<br>Ендеше осы тойда қазақтың халық ойыны «Бәйге» ойынын ойнап жіберейік |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Дені саудың -жаны сау» денсаулық күніне балалар дайындау |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге | **«Ойлан тап, қандай дыбыс»** |

| | |
|---|---|
| деген жеке қабілетін дамыту | «Әжемнің ертілері», «Атамның өсиеті» ертегілер оқып, балаларға әңгімелеу. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілікоқу бағдарламасына нұсқаулық»**пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кітаптарға шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысы ардагерлері)
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.05.2025 ж.
Дәйексөз:«Бірлік пен жасампаздық –ел бағдары»

Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы

Балаларды Қазақстан батырларымен таныстыру.Есімдерін есте сақтау қабілеттерін дамыту.
*Тілдік дамытушы орта:* Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысы ардагерлері)туралы ақпараттарды алуға бейімдеу.

***Ән: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні.***

***Шаттық шеңбері:***

Армысың, Алтын күн!
Армысың, Көк аспан!
Армысың, Жер ана!
Армысың, достарым!
Армысың, қонақтарым!

Презентация.Әңгімелеу әдісі.Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мамбетова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты. Бауыржан даңқты жауынгер, халық қаһарманы қазақтың көрнекі жазушысы.

Бұл соғыс Ұлы Отан соғысы деп аталды, әрі бұл соғыс біраз жылға созылды. Сөйтіп, 1945 жылы 9 – Мамыр күні біз фашистерді жеңіп шықтық.
***Тәрбиеші:*** Өз халқының батырлығын әлемге әйгілі еткен қазақтың батырлар Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова.



***Тәрбиеші:*** Мәншүк [illegible] жылы дүниеге келген. [illegible] Мәншүк деп кеткен. Әкесі дәрігер болған. Мәншүк соғысқа өз еркімен аттанады. Мәншүк ол кезде не бары 19 жаста болған. Елін жаудан қорғаймын деп шепке сұранып пулеметші болады. Өзі қорғаған Невель қаласында Мәншүкке ескерткіш қойылған.
***Тәрбиеші: Батырлар туралы тақпақтарды кім біледі?***

Сонау жылы жер-көкті,
Соғыс бұлты торлаған
Сонда Мәншүк апамыз,
Жаудан елді қорғаған

Жаумен жалғыз алысты,
Түбінде Мәншүк соғыстың
Бермей қолдан намысты,
Жүректі қызы қазақтың

*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*төл дыбыстарды жеке және сөз ішінде анық айтуға баулу.Мысалы, «Сөздерден моншақ тізейік», «Қ» (ғ) дыбысынан басталатын сөздерді атап шығамыз»
*Сөздік қор:* ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.

| | |
|---|---|
| | Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысы ардагерлері)туралы шағын әңгімелер айтуға баулу.<br>***Тәрбиеші:*** Момышұлы Бауыржан (1910 - 1982) – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері - Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені. Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады.<br><br>Қазақтың камы үшін,<br>Жүрегі ауырған.<br>Елінің намысын<br>Қорғаған Бауыржан!<br>Өр бабам-Бауыржан!<br>*<u>Тілдің грамматикалық құрылымы:</u>*Сөздерді жіктеп қолдана білуге үйрету. «Біз Отанымызды мақтан етіп,сүйіп қорғаймыз!»<br>*<u>Байланыстырып сөйлеу:</u>* Иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, балабақша туралы ойларын айтуға баулу<br>Ойын барысы : Педагог балаларға шағын суреттерді атауды сұрайды, содан кейін олардың әрқайсысына үлкен суреттен орын тауып, ұсыныс жасайды.<br>Күтілетін нәтиже: Ұжымдық әңгімеге қатысады. Дауыс күшін өзгерте отырып,әртүрлі интоннацияларды жаңғыртады. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Ұлы ерлікке мәңгілік тағзым» іс-шараға қатыстыру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | «Дыбыстар әлемі» дауысты-дауыссыз дыбыстарды қайталап, пысықтау |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық»** пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кітаптарға шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: Санамақ санаймыз
Жоспардың құрылу кезеңі: 15.05.2025 ж.
Дәйексөз:«Ел жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің Отан атың!»

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Санамақ жаттату арқылы 1-ден10-ғадейінгі сандардың ретін есте сақтату, пысықтау.Балаларды санамақтап айтуға үйрету. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту<br>Марш ырғағы ойналады.<br>Қатар өскен дос құсап,<br>Екі жақта қос бұтақ.<br>Әрқайсысында<br>Бірі қысқа<br>Бірі ұзын<br>Бес бұтақ<br>*Тілдік дамытушы орта:* дербес әрекеттерде ауызекісөйлесуге ,ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу.<br>- Қане, балалар, саусақтарыңды көрсетіңдерші?<br>- -Ту-у-у, қолдарың қандай тап - таза, саусақтарың неткен әдемі. Балалар осы саусақтарыңның аттарын білесіңдер ме? Ән-күй жетекшісі өзінің саусағын жая көрсетіп, әрқайсысын атай бастайды.<br>- Балалар, бірінші саусағым - бас бармақ,<br>- ал екіншісі - балан үйрек,<br>- ал мына үшінші ұзын саусағым - ортан терек,<br>- төртіншісі - шылдыр шүмек,<br>- ал мына кішкентай ғана соңғы саусағым - кішкентай бөбек, - дейді. Тақтаға назар аударайық. Суретте ата, әже, әкем, анасы, бала көрсетілген. Біздер бұларды бір сөзбен не деп атайтын едік балалар? Дұрыс отбасы дейміз. Мен сендерге отбасы жайлы санамақ айтайын сендер тыңдап отырыңдар.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* төл дыбыстарды өздігінен дұрыс және көрнекіліксіз айтуға жаттықтыру.<br>**«Кімкөпсөзойлап табады»**<br>Бұлойынөткентақырыптардыбекітуге,ойлау қабілеттеріндамытуға және дыбыстарды ажыратуға көмектеседі.<br>Балаларғақазақтілідыбыстарына«ә»,«ң»,«ү»,«қ»,«ғ»сөзойлаптабукерек. Дұрыс, анық айтқан бала ұпай алады. Кім көп ұпай алса сол жеңеді. |

| | |
|---|---|
| | *Сөздік қор:* Санамақ айту және түсіну дағдыларын қалыптастыруда барлығымыз «Санамақ әнін » айтып берейік.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйретуде танымдық ойынын ойнату: «Смайликтер»<br>Шарты:Балалар шеңбер боймен текшені бір-біріне береді.Музыка әуені тоқтаған кезде қай балада текше қалып қойса сол бала ортаға шығып текшені ортаға тастайды.Қай смайлик түсс соны мимикамен көрсетеді. Жақсы жарайсыңдар балалар.Енді орнымызға жайғасайық.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* тақырыпқа байланысты әңгімелесе білуге баулу.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық, екеуміз.<br>Бас бармағым – атам<br>Балан үйрек – әжем<br>Ортан терек – папам<br>Шылдыр шүмек – анам<br>Кішкентай бөбек – мен!<br>Бәріміз бірге қайталап айтайық<br>Күтілетін нәтиже: Түрлі әрекеттерде өзінің әрекетін түсіндіреді. Еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсетуге тырысады.Заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттайды.Санамақты жатқа айтады. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Дені саудың -жаны сау» денсаулық күні тақпақтар жаттату. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | **«Сиқырлысандық»** Бұлойынныңмақсаты: қазақтілінетәндыбыстардың сөздіңқандай бөлігінде тұрғанын түсіну.<br>Дыбыссөздіңқайбөлігіндемысалы:«қ»дыбысысөздінбасында,ортасында, аяғында тұрса,соған сәйкес сандыққа салуы керек (ойыншықты, суретті) |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілікоқу бағдарламасына нұсқаулық»пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кітаптарға шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: Мен жасай аламын»
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.05.2025 ж.
Дәйексөз: «Бірлігі жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | «Сән салоны» ойынын ойнату. «Адамның көркі-шүберек» мақалын жаттату, мағынасын түсіндіру. Психологиялық дайындық. Түйе боздап, қой қоздап қорада шу, Көбелек пен құстар да сайда ду - ду. Гүл мен ағаш майысып қарағанда, Сыбдыр қағып, бұрандап ағады су. Жалпы қағазды кітап шығаруға қолданумен қатар ұлы суретшілер оны сурет салуға пайдаланады. Кейін келе суретші конструктор, дизайншылар түрлі қағаздан әдемі заттар мен бұйымдар жасауды ойлап тапты. Жапон елінде қағаз пластикасы пайда болды, ол «оригам» деп аталады. Қағаз пластикасымен жұмыс істеу үшін ең алдымен қағазды дұрыс бүктеу, қаттау және ию тәсілдерін меңгеру керек. Жұмыс істеуге өте қолайлы болып келетін түрлі түсті қағаздарды пайдаланған жөн.<br>*Тілдік дамытушы орта:* өзі туралы ақпараттарды алуға бейімдеу.<br>*«Сұлулық салоны»*<br>Шаштараз киім<br>Клиентке арналған мүйіс<br>Шаштараз құралдары<br>Шаш үлгісі бар альбом<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* тыныс алу жаттығуларын жасауға үйрету.<br>Ойын түрі - мұрынмен. Мұрынға серуенге шығуға көмектесейік. Әр балаға сүлгі беріледі. Сүлгінің көмегімен мұрынды сүртеміз.<br>1) Мұрын серуенге шықты. Мұрнымыз терең тыныс алу үшін аузымызды жауып қоямыз.<br>Мұрнымызбен тыныс алып, мұрынмен дем шығарамыз.<br>2) Мұрын ойнайды. Тыныс алғанда сұқ саусақпен мұрын қанатынан ақырын соққылайды. Өлең айтады.<br>Мұрын жақсы иіс иіскегісі келеді.<br>Мұрын тесігін кезек - кезек басу арқылы жаттығу орындайды.<br>Мұрын өлең айтады.<br>Сұқ саусақпен бір мұрын қанатын жауып өлең айтамыз.<br>Мұрынмен ойнау.<br>Сұқ саусақпен мұрын қанатын сипау, сосын, жоғары - төмен сипалау.<br>Уқалау жаттығуы.<br>Мұрнымыз қайтып оралды.<br>Мынау менің жүрегім |

| | |
|---|---|
| | Бәрі осыдан басталған<br>Мынау - басым ақылды<br>Бәрі осыдан басталған<br>Мынау менің оң қолым<br>Мынау менің сол қолым<br>Барлық істі бастаған.<br>*Сөздік қор:* ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.Ж.Бұғыбаевтың «Алғашқы көмек» әңгімесін айтуға баулу.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*Сөздерді жіктеп қолдана білуге үйрету.Шаштараз, қараусыз, шаш үлгісі, бригадир, жоспар-схема, цемент, фельдшерлік пункт.<br>Ойнауға дайындық:<br>Альбом құрастыру ***«Бәрі мамандықтардың маңызы зор»*** ;<br>*Байланыстырып сөйлеу:* Иллюстрациялар бойынша қайталауға және ойларын айтуға баулу<br>сюжет- рөлдік ойындарбалалармен *«Салон»*<br>Күтілетін нәтиже: Ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолданады. Сөздегі дыбыстардың орнын ажыратады.Сөздерді жіктеп қолданады. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүр» отбасы, жанұя туралы мәлімет беру, отбасы құндылықтары туралы сұрап, түсіндіру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | **«Сиқырлысандық»** Бұлойынның мақсаты: қазақтілінетәндыбыстардың сөздіңқандай бөлігінде тұрғанын түсіну.Дыбыс сөздің қай бөлігіндемысалы: «қ»дыбысы сөздің басында,ортасында, аяғында тұрса,соған сәйкес сандыққа салуы керек (ойыншықты, суретті) |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық»** пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кітаптарға шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Гүл» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Тақырып: Алақай,жаз келді!
Жоспардың құрылу кезеңі: 29.05.2025 ж.
Дәйексөз: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы түсінік беру; табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру;<br>*Тілдік дамытушы орта:* айналасындағы өзін қоршаған орта, жаз мезгілі туралы ауызекі сөйлесуге үйрету<br>*Сөздік қор:* А.Омарованың «Жарқын жаз» өлеңінің мазмұнын дұрыс қабылдауға, өз ойын білдіруге баулу.Өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, «Жарқын жаз» өлеңін әңгімелей білуге баулу<br>«Ө»,«І»–дыбыстарына арналған фонетикалы қойын. Есту қабілеттерін жетілдіруге, сөз ішіндегі дыбыстарды анық айтуға ұсынылатын ойындар<br>баланың сөздік қорын дамытуда жаз туралы тақпақ жаттату.<br>Маусым мағыналы болсын,<br>Шілденің шырайы кірсін,<br>Тамыз тамылжып тұрсын<br>Күн де ысып,шөп пісіп<br>Ел пішенін орады.<br>Бұл қай кезде болады?(жаз)<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.<br>-Балалар бір сәт өзімізді – сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік.<br>-Айнала қандай?<br>Дала қандай?<br>-Ал ағаштар ше?<br>-Ауа қандай?<br>-Терезеге не түсіптұр бар?<br>Жазқандайболады? (ыстық, Демалады .Шомылады ,Күнгекүйеді)<br>көңілді,т.б<br>Жазда бау-бақшада не өседі?<br>-Яғни, мұныңбарлығықайкездеболады? (балалардыңжауабы<br>Жылдыңтөртмезгілібар: ..., ..., ..., ... . |

| | |
|---|---|
| | Біржылда … ай бар.<br>Жазайлары: …, …, … .<br>Еңыстықжылмезгілі: … .<br>Қазіржаздыңалғашқыайы<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті;* дауыс апаратын,сөйлеуде тыныс ала білуді дамыту.<br>жаз туралы суреттерін карастыра отырып әңгімелеп беруге дағдыландыру.<br>Схема бойынша әңгініңжоспарынқұру.<br>1 схема «Жылмезгілі мен ауа-райы»<br>Суреттеқандайжылмезгіліберілген?<br>Сен оны қайданбілдің?<br>2схема «Жазғатабиғаткөрінісі»<br>Ағаштарданебайқадың .Жерденнекөрдің.<br>3схема «Жазайлары»<br>Күтілетін нәтиже: Тақпақтарды мәнерлеп жатқа айтады.кітаптағы суреттерді жай сөйлеммен сипаттайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін калыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Жаңылпаш жаттату: Ақ тай ақ па?,Қара тай ақ па?Малға қорек керек пе?Оған жарма ,кебек керек пе? |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін калыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық»** пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кітаптарға шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |